



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

22 ақпан 2024 жыл № 02-01-02/ 410

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Акционерлеріне

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің
құрамына кандидаттар туралы**

Құрметті "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлері,

осымен "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа / KASE), оның атқарушы органының (Басқармасының) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзаков к-сі, 280, "Almaty Towers" көпфункционалды кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8-қабат, 2024 жылдың мамыр айында 2023 жылдағы KASE қызметтің қорытындыларына арналған акционерлердің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – АЖЖЖ) еткізілеттінін хабарлайды.

KASE АЖЖЖ күн тәртібін Директорлар кеңесі мәселелердің толық тізбесінен қалыптастырады, олардың бірі Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселесі болады.

Осыланысты 2024 жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей Биржаның Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар бойынша ұсыныс хаттар жіберуді сұраймыз.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы"¹ Қазақстан Республикасы Занының 54 бабының 5 тармағына сәйкес Биржаның Директорлар кеңесінің құрамына ұсынылатын кандидаттардың басқару органының басшысы және мүшелері лауазымына сайлануына **уәкілетті органның келісімі болуы тиіс**. Бұл жағдайда, уәкілетті органдың аталған лауазымға сайланғанға дейін де, одан кейін де келісілуі мүмкін болатын, тәуелсіз директорлар болып табылатын басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына кандидаттарды қоспағанда.

Отмечаем, что согласно пункту 5 статьи 54 закона Республики Казахстан "О рынке ценных бумаг" предлагаемые кандидаты в состав Совета директоров Биржи **должны иметь согласование с уполномоченным органом** на занятие должности руководителя и членов органа управления. Исключением в данном случае будут кандидаты на должность руководителя или члена органа управления, являющиеся независимыми директорами, которые могут быть согласованы с уполномоченным органом как до избрания их на указанную должность, так и после.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Занының 44 бабының 2 тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі немесе тәуелсіз директорлар болып табылатын басқару органының мүшесі лауазымына кандидатты ұсыну туралы хатта мынадай ақпаратты көрсетуді сұраймыз:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) сведения об аффилированности к Бирже;

¹ "5. Басшы қызметкер лауазымына кандидаттың уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ. Осы тармақтың бірінші белгіліндегі тәуелсіз директор болып табылатын, басқару органының басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған адамға қолданылмайды, ол сайланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы.".

- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат;
- 6) Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидат туралы ақпарат ұсынылатын кандидаттың қай акционердің екілі болып табылатыны немесе оның тәуелсіз директор лауазымына кандидат болып табылатыны туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер немесе қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің екілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (нұсқалмаған) жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтер акционерлердің тізімін қалыптастыру күніне қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректерді қоса отырып, көрсетілуі тиіс.

KASE акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының (2016 жылдың 11 ақпанындағы № 27 хаттама) шешімімен бекітілген Директорлар кеңесі туралы қағидаға² сәйкес кандидатты ұсыну туралы хатқа KASE Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлауға кандидаттың келісімін қоса беру қажет.

Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидаттар "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54 бабында белгіленген басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс, оның ішінде тәуелсіз директор лауазымына кандидаттар "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1 бабы 20) тармақшасының талаптарына сай болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде KASE акционерлері ұсынылған кандидатуралардың кандидаттарға қойылатын талаптарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы қағида анықталған біліктілік талаптарына сәйкестігін қарайтынына назар аударамыз. Бұдан басқа, KASE Директорлар кеңесінің құрамына кандидатқа кепілдік беру, міндеттеме алу және: (а) осы тұлға да, оның аффилиирленген тұлғалары да санкцияланған тұлғалар болып табылмайтынын және Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне енгізілмегенін қамтамасыз ету қажет.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда мына телефон арқылы хабарласуыңызды сұраймыз: 8 (727) 237 53 43

Күрметпен,

Басқарма Төрайымы



Алдамберген А.Ә.

- Қосымша:**
- 1) KASE Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидат туралы мәліметтер
 - 2) KASE Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлауға келісім.

Орындаушы: Виктория Гребнева, корпоративтік хатшы

Тел.: +7 727 237 5343

Email: v.grebneva@kase.kz

² Директорлар кеңесі туралы қағида Биржаның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған www.kase.kz "Биржаның корпоративтік құжаттары" бөлімінде.

"Қазақстан қор биржасы"
АҚ-ның 2024 жылдың
22 айындағы № хатына

1 қосымша

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына
кандидат туралы**

МӘЛІМЕТТЕР

"Акционерлік қоғамдар туралы" Заның 44 бабының 2 тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына кандидат туралы ақпарат:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер / оның жоқтығы туралы растау;
- 4) соғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидат туралы ақпаратта сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелігіне ұсынылатын кандидаттың қай акционердің өкілі болып табылатыны туралы мәліметтер немесе кандидаттың тәуелсіз директор лауазымына кандидат болып табылатыны туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер немесе қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (нұсқалмаған) жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтер акционерлердің тізімін қалыптастыру қүніне қоғамның дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректерді қоса отырып, көрсетілуі тиіс.

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_____ Қолы

"____" 20 ____ жыл.

"Қазақстан қор биржасы"
АҚ-ның 2024 жылдың
22 айындағы № хатына

2 қосымша

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
лауазымына сайлануға**

К Е Л И С И М

Осымен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлануға өз келісімінді растаймын.

Осымен мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басшы қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай екенімді және менің іскерлік беделімде мынадай жағдайлар, факторлар және/немесе мән-жайлар жоқ екенін растаймын:

- 1) жеке адамға, меншікке, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықта тартылу;
- 2) жеке адамға, меншікке, экономикалық қызмет саласында, сыйбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты қылмыстық процеске айыпталуши немесе сотталуши ретінде қатысу;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе мен айналысқан (айналысатын) көсіптік қызметті реттейтін өзге мемлекет заңнамасының талаптарын бұзу;
- 4) Қазақстан Республикасында қолданылатын халықаралық көсіби стандарттардың этика, мүдделер қақтығысын болдырмау белгігінде талаптарын орындаудан жалтару;
- 5) мен лауазымды тұлға және (немесе) ірі акционер (ірі қатысушы) болған заңды тұлғаны менің лауазымды тұлға ретіндегі қызметім кезеңінде және (немесе) осы заңды тұлғаның ірі акционері (ірі қатысушысы) мәртебесінде болған кезде немесе менің өкілеттігім тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жыл ішінде төлемге қабілетсіз деп тану лауазымды тұлға және (немесе) осы заңды тұлғаның ірі акционері (ірі қатысушысы) мәртебесінен айрылу;
- 6) теріс себептер бойынша жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек келісім-шартын бұзу;
- 7) өзіне (өзінің жеке басына, көсіби қызметіне, онымен үлестес тұлғаларға) немесе өзінің мүлкіне қатысты дәйексіз ақпарат ұсыну немесе мұндай ақпаратты беруден жалтару.

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ Қолы

" ____ " 20 ____ года.